



# ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## Өндіріс пен саудада іскерлік белсенділік жақсарды

2025 жылғы желтоқсандағы іскерлік белсенділік туралы  
ҚҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры Рүстем Оразалиннің  
түсіндірмесі

Астана

2025 жылғы 5 қаңтар

2025 жылғы **желтоқсанда** іскерлік белсенділік индексі төмендеді. Бұл ретте оның мәні бейтарап динамиканы білдіретін шекті деңгейге жақындап, **49,9** болды.

Өндіріс пен саудада белсенділік жақсарғаны байқалады, онда индекс **52,2** және **51,2** болып, өсу аймағынан көрінді (қарашада – 52,0 және 51,3). Тау-кен өндіру өнеркәсібінде, көрсетілетін қызметтер мен құрылыста индекстер теріс аймақта болып, тиісінше **49,5**, **48,9** және **45,4** (қарашада тиісінше 50,2, 49,4 және 49,7) болды, құрылыста айтарлықтай төмендеу байқалды.

1-график. Іскерлік белсенділік индексінің (ИБИ)\* динамикасы



\* Көрсеткіш мәні 50-ден жоғары болса – оң өзгерісті, төмен болса – кері өзгерісті білдіреді. Индекс мәні 50-ден қаншалықты алшақ (жоғары немесе төмен бағытта) болса, көрсеткіштің өсу қарқыны (артуы немесе кемуі) соғұрлым жоғары болады.

2025 жылғы желтоқсанда **бизнес-ахуал индексі (БАИ)** бизнес жүргізудің қазіргі және алдағы жағдайларын бағалау төмендегендіктен **5,3** (қарашада 9,9) болды. Бизнес-цикл «сағатының» индикаторы өсу аймағында қалды.

Кәсіпорындардың бағалауы бойынша жалпы олардың өнімдеріне/көрсетілетін қызметтеріне деген сұраныс баяулады, бұл ретте өндірісте сұраныс біршама ұлғайғаны байқалады.

Толығырақ – Қазақстан Ұлттық Банкінің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)